

6. Көрсетілетін ақылы қызметтер бағасы бекітілген «Баға тізбесімен» анықталады.

7. Ақылы қызметтердің бағалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, сонымен қатар медициналық, сервистік қызметтер көрсетуге және өзге де қосымша шығыстарға байланысты шығындардың барлық түрлері ескеріле отырып Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2002 жылғы 10 қаңтардағы №13 бұйрығымен бекітілген, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарымен көрсетілетін ақылы қызметтердің бағаларын белгілеу және анықтау Ережесіне сай анықталады және бір жылда көп дегенде бір рет қайта қаралуы мүмкін.

8. Өтініш берушілермен қолма-қол ақша арқылы жүзеге асырылатын есеп айырысу фискальды жадысы бар бақылау-кассалық аппаратын қолдана және бақылау чегін бере отырып, Жедел жәрдем станциясы кассасы арқылы өтініш берушіге беріледі, ал қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша Жедел жәрдем станциясының "Ақылы қызметтерден түскен қаражат" ағымдағы шотына аудару жолымен жүргізіледі.

9. Ақылы негізде қызмет көрсетілген өтініш берушілерге Жедел жәрдем станциясы көрсетілген медициналық көмек нәтижелерін ұсынады.

3. Ақылы көрсетілетін медициналық қызмет түрлерінің тізбесі

10. Жедел жәрдем станциясы ақылы медициналық қызметтердің келесі түрлерін көрсетеді:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша шақырту;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша тасымалдау;

4. Жеңілдіктер туралы мәліметтер

11. Ақылы қызмет көрсету барысында жеңілдіктерді:

- 1) тегін – ҰОС қатысушылары;
- 2) 50% жеңілдік – бала күнінен мүгедектерге, еңбек мүгедектеріне, ауру бойынша мүгедектерге, «Алтын алка», «Кумыс алка» иегерлеріне қолданады.

5. Ақылы медициналық қызметтер көрсету шарттары

12. Жедел жәрдем станциясы ақылы қызметтерді медициналық және дәрігерлік қызметке арналған лицензиясы бар болған жағдайда, көрсетеді.

13. Ақылы қызмет көрсету мына жағдайларда:

- 1) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (бұдан әрі - ТМККК) тізбесіне кірмейтін қызметтер, тасымалдауға және шақырту қызмет көрсету барысында;
- 2) ұйымдарға келісім шарт бойынша қызмет көрсету кезінде;

6. Еңбекті ұйымдастыру және медицина қызметкерлерінің

біліктілігі жайлы мәлімет

14. Ақылы қызмет көрсетуге көрсетілетін қызмет саласына сай, тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (мемлекеттік тапсырыс) шегінде